



№33 (8973),  
жұма, 25 тамыз  
2023 жыл

Eskeldi\_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

## ҚАЗАҚСТАН БИЫЛДАН БАСТАП СҰЙЫТЫЛҒАН МҰНАЙ ГАЗЫН ӨНДІРУДІ ҰЛҒАЙТПАҚ



Үкіметте ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте

Ішкі нарықтың қажеттілігін т о л ы қ қамтамасыз ету үшін сұйытылған мұнай газын өндіруді ұлғайту ш а р а л а р ы қаралды. Ж и ы н д а еліміздегі газ тұтынудың жыл сайын артып келе жатқаны, атап айтқанда, өткен жылдың қорытындысына сәйкес бұл көрсеткіш 1,8 млн тоннаны құрағаны айтылды.

кәсіпорындарына, халықтың қажеттіліктеріне және басқа да салаларға жұмсалды. 2023 жылғы болжамды газ тұтыну көлемі 1,9 млн тоннаны құрайды. Артып келе жатқан қажеттіліктерді өтеу үшін бірқатар келешегі бар жаңа кен орындары игеріле бастайды. Олардан алғашқы өндірілген газды осы жылдың соңына дейін алу жоспарланып отыр. Премьер-Министр жанар-жағармай нарығындағы жағдайды ұдайы бақылаудың және азаматтарды, өнеркәсіп кәсіпорындары мен әлеуметтік мекемелерді үздіксіз қамтамасыз ету үшін жоспарланған жобаларды уақтылы іске асырудың маңызды екенін атап өтті.

10%-ы халықтың қажеттіліктеріне және басқа да салаларға жұмсалды. 2023 жылғы болжамды газ тұтыну көлемі 1,9 млн тоннаны құрайды.

Бұл көлемнің 65%-ға жуығы автокөліктерге, 25%-ы өнеркәсіп

primeminister.kz

## ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



2023 жылғы 22 тамызда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенованың төрағалығымен туризм саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Кеңес барысында отандық туризмнің проблемалық мәселелері талқыланды. Елордалық туризм бизнес өкілдері визалық рәсімдерді жеделдету және цифрландыру, туризм операторлар мен гидтердің қызметін реттеу жұмысын күшейту, туризм саласындағы инвестициялық жобаларды қолдау жөнінде ұсыныстар айтылды.

Туризмнің экологиялық аспектілеріне, экожүйеге түсетін жүктемені реттеуге және туристік орындарда тазалықты сақтауға ерекше назар аударылды.

Кеңес қорытындысы бойынша ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т. Дүйсенова Мәдениет және спорт министрлігіне осы мәселелерді 2023 жылғы 15 қыркүйекте Ақтау қаласында ҚР Премьер-Министрінің қатысуымен өтетін Туризмді дамыту жөніндегі халықаралық форум аясында талқылау үшін дайындауды тапсырды.

Айта кету керек, туризм саласының мәселелерін ортаға салатын осындай кездесулер жүйелі түрде өтетін болады.

primeminister.kz

## ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ АЛДЫНДА КӨМІРДІ ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІН, ОНЫҢ САПАСЫ МЕН БАҒАСЫНЫҢ НЕГІЗДІЛІГІН ТЕКСЕРУДІ ТАПСЫРДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында алдағы жылу беру маусымына дайындық бойынша өзекті мәселелер қаралды.

Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетовтің айтуынша, бекітілген кестеге сәйкес еліміздің электр станцияларында 10 энергетикалық блок, 49 қазандық және 54 турбинаны күрделі жөндеу көзделген. Бүгінгі таңда 4 энергетикалық блок, 24 қазандық және 15 турбина жөндеу жұмыстарымен қамтылған. Сондай-ақ 3 энергетикалық блок, 13 қазандық және 11 турбинада жөндеу жұмыстары аяқталды.

Бұдан басқа биыл 25,3 мың км электр желісін, 567 қосалқы станцияны, сондай-ақ 3,5 мың тарату пункті мен трансформаторды күрделі жөндеу жоспарланған. Бүгінгі таңда 13 мың км электр желісі, 364 қосалқы станция және 2 мың тарату пункті мен трансформатор бойынша жұмыстар аяқталды.

Жылу беру маусымына дайындық аясында тәуекел аймағында тұрған энергетикалық кәсіпорындарға ерекше назар аударылады. Мәселен, Риддер ЖЭО-сында барлық қазандыққа жөндеу жұмыстары жүргізілуде, әртүрлі деңгейде осындай жұмыс Екібастұз, Жезқазған, Шахтинск, Кентау, Степногорск ЖЭО-ларда және т. б. жүргізілуде.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Илияс Оспанов жылу желілерін, әлеуметтік сала нысандарын, тұрғын үйлер мен инженерлік коммуникацияларды дайындау туралы баяндама жасады. Бүгінгі таңда білім беру нысандарының дайындығы 88%-ды (9 399), денсаулық сақтау нысандарының дайындығы 88,6%-ды (5 015), тұрғын үйлердің дайындығы 75,1%-ды (37 555) құрайды. Бұл ретте республика бойынша 593 км жылу желісін жөндеу жоспарланған. Қазіргі уақытта 382 км немесе жоспардың 64,4%-ы аяқталды.

Павлодар облысында жылу беру маусымын апатсыз өткізу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы өңір әкімі Асайын Байханов баяндама жасады. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск ЖЭО-сы және Теміртаудың екінші ЖЭО-сын жөндеу жұмыстары туралы айтып берді.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев қыс мезгілінде «МАЭК»

жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету туралы, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы Жезқазған ЖЭО-сын жөндеу туралы, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев Риддердегі ЖЭО мен желілерді жөндеу жұмыстары туралы баяндады.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, жылыту маусымының басталуына 1 айдан астам уақыт қалды және жалпы дайындық жұмыстары белсенді жүруде. Жүйелі оператор «KEGOC» компаниясы Жылу орталықтарындағы жөндеу жұмыстарының кестесін бекітті. Алайда бұл кестеден кешігу байқалып отыр, кей жағдайларда жөндеу жұмыстарын келесі жылға ауыстыру фактілері орын алуда.

«Сондықтан қыс уақытында осы объектілердің тұрақты жұмысында тәуекелдер туындауы мүмкін. Мәселен, Теміртау, Риддер, Екібастұз, Жезқазған қалалары мен Маңғыстау облысы тәуекел аймағында екенін атап өткен жөн», — деді Үкімет басшысы.

Осыған байланысты Премьер-Министр проблемаларды шешу үшін «Қазақмыс», «Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы», «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының басшыларымен және иелерімен кездесулер өткізу қажеттігін айтты.

Сонымен қатар Үкімет басшысы жыл соңына дейін елордада 3-ЖЭО мен екі газ турбиналық станцияны жоспар бойынша іске қосудың маңызын атап өтті. Жалпы, Премьер-Министрдің айтуынша, өңірлерде 13 мыңнан астам автономді қазандық дайындау қажет.

«Іс жүзінде шамамен 11 мың қазандық немесе 81%-ы дайындалды. Алматы, Жамбыл облыстарында және Шымкентте жұмыс қарқыны баяу», — деді Әлихан Смайылов.

Оған қоса Премьер-Министр жылу желілерін жөндеу бойынша 4 өңір жұмыс көлемінің жартысын да аяқтамағанын айтты. Бұлар – Алматы, Маңғыстау, Қызылорда және Абай облыстары.

Сүмен жабдықтау желілері бойынша жөндеуге жоспарланған 1,5 мың км-дің тек 60%-ы ғана жөнделді. Басқа өңірлермен салыстырғанда Маңғыстау облысында, Алматы қаласында және Қызылорда облысында жұмыстың қарқыны төмен.

Бұдан басқа энергия өндіруші ұйымдардың жеткізілген газ үшін «ҚазТрансГаз-Аймақ» компаниясына берешегі көп, шамамен 13 млрд

теңгені құрайды. МАЭК-тің қарызы ең көбі – 10 млрд теңге, одан кейін Жайықжылуэнерго, Ақтөбе ЖЭО-сы, Өзен Жылу және Таразэнергоорталық тұр.

Сондай-ақ ЖЭО-лардың «Богатырь-Көмір» компаниясына көмір үшін 6,4 млрд теңге сома берешегі бар. Оның ішінде Павлодарэнергонның қарызы ең көбі – 2,6 млрд теңге, Севказэнерго – 1,4 млрд теңге және Екібастұзжылуэнерго – 1,3 млрд теңге.

«Бұл қарыздарды жаңа маусымға қалдыруға болмайды. Өйткені отынның нормативтік қорларын қалыптастыруда проблемалар орын алуы мүмкін. Аталған өңірлердің әкімдері осы мәселелерді шешуі керек», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы жалпы жылыту маусымына дайындық және оны өткізу барысы күнделікті маңызды мәселе екенін ескере отырып, әрбір өңірде жол картасын әзірлеп, бекіту қажеттігін айтты.

«Онда жылу желілерін дамыту, жаңа Жылу орталықтарын салу мен қолданыстағы орталықтарды күрделі жөндеу жұмыстары нақты айқындалады. Сондай-ақ авариялар болған жағдайда өңірлік коммуналдық қызметтер мен Жылу орталықтарының іс-қимылының әр қадамы жазылған алгоритм бекітілуі тиіс», — деді Үкімет басшысы.

Сонымен қатар Премьер-Министр осы сектордағы цифрландыру мен автоматтандыру деңгейін арттыру маңызды екенін айтты.

«Жылу желісі инфрақұрылымының жай-күйі, шығын деңгейі, тұтынатын жылу энергиясының саны мен сапасы туралы объективті деректер қажет. Бұл жылу жүйесін басқаруға және жылу беретін объектілердегі авариялар санын азайтуға мүмкіндік береді», — деді ол.

Жалпы Үкімет басшысы белгіленген мерзімде барлық жоспарланған жөндеу жұмысының аяқталуын және қажетті көлемде отынның алдын ала жеткізілуін қамтамасыз етуді талап етті.

«Ішкі көмір нарығында дүрбелеңге жол бермеу үшін өңір әкімдері тиісті тәртіппен 2 апта мерзімде көмірді дайындау және өткізу пункттерінің жағдайына, оның сапасына, жеткізу кестелеріне, бағалардың негізділігіне тексеру жүргізуі қажет», — деді Әлихан Смайылов.

primeminister.kz

## ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКТІҢ ӨНІРЛІК ДИРЕКТОРЫ МЕН ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Дүниежүзілік банктің Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Татьяна Проскуряковамен келіссөз жүргізді.

Тараптар республиканың көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамытуға, Арал теңізі өңірінің экологиялық жағдайын жақсартуға, цифрландыруды жеделдетуге және т.б. бағытталған перспективалы жобаларды іске асыруды егжей-тегжейлі талқылады.

Әлихан Смайылов атап өткендей, Үкімет ел экономикасының одан әрі дамуына ықпал ететін 2020-2025 жылдарға арналған Өріпестік туралы негіздемелік стратегиясының аясында Дүниежүзілік банктен өзара іс-қимылға үлкен мән береді.

Сонымен қатар тиімді

аналитикалық және консультациялық құралға айналған Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын жалғастырудың маңыздылығы айтылды.

«Жалпы Қазақстан Үкіметі өзара қызығушылық тудыратын мәселелердің кең ауқымы бойынша Банктен өріпестікті тереңдетуге дайын екенін білдіреді», — деді Премьер-Министр.

Өз кезегінде Татьяна Проскурякова Дүниежүзілік банктің Қазақстанда жаңа жобаларды іске асыруға мүдделі екенін растады.

«Бізге өте жақсы бағдарлама қалыптасқан. Өткен жылы біз республика бойынша портфельге шолу жасадық, нәтижесінде көптеген бағыт бойынша өте тиімді өзара іс-қимыл орнатып, көп жетістіктерге қол жеткізгенімізді байқадық. Өзара ынтымақтастықты дамыту перспективалары зор екенін көріп отырмын», — деді ДБ-нің өңірлік директоры.

primeminister.kz



# ЕЛІМІЗДЕ ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ БАСТАЛУДА



Мемлекеттік басқару жүйесі үшін талантты жастарды анықтау және тарту мақсатында Президенттік жастар кадр резервіне кезекті үшінші іріктеу жоспарлануда. Іріктеуге өтінімдерді қабылдау 1 қыркүйектен бастап [pkrezerv.gov.kz](http://pkrezerv.gov.kz) сайтында қолжетімді болады. Өтінімдер 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Іріктеуге жасы 35-тен аспаған,

- Сыртқы саясат және инвестициялар;
  - Экономикалық және қаржылық саясат;
  - Цифрландыру;
  - Әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам;
- Іріктеу 6 кезең бойынша өткізіледі:
- Құжаттарды қабылдау;
  - Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау;
  - Ситуациялық тапсырмаларды шешу;
  - Құзыреттерді бағалау (Assessment center және HR-сұхбат);
  - Сарапшылық комиссияда әңгімелесу;
  - Ұлттық комиссия отырысы.
- Іріктеу қорытындысы бойынша 50 кандидат резервке алынады. Жеңімпаздар ағымдағы жылғы желтоқсанда жарияланады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ - ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ



Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысында да қатты алаңдататыны анық.

Келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «conruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Әмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтартуға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру қажет. Насихаттау ісі де ұшан-теңіз септігін тигізеді. «Бастаушы болса қостаушы бар». Сыбайлас жемқорлық пен күресудің ізбасары болып үлес қосайық. «Ұры – қарының серігі» дегендей, «Жемқорлық – сыбайластың серігі». Әлбетте, бірлесіп жасалатын бұл қылмысқа тосқауыл болуымыз құба-құп. Сондықтан қоғамның басты ескеретіні ұсыныс жасаушылық тарапы болса, бас тарту ісін құптауы тиіс.


Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Әмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтартуға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру қажет. Насихаттау ісі де ұшан-теңіз септігін тигізеді. «Бастаушы болса қостаушы бар». Сыбайлас жемқорлық пен күресудің ізбасары болып үлес қосайық. «Ұры – қарының серігі» дегендей, «Жемқорлық – сыбайластың серігі». Әлбетте, бірлесіп жасалатын бұл қылмысқа тосқауыл болуымыз құба-құп. Сондықтан қоғамның басты ескеретіні ұсыныс жасаушылық тарапы болса, бас тарту ісін құптауы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Елдос АХМЕТОВ,  
Ескелді ауданының әкімі

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУ КЕЗІНДЕГІ АНТҚА АДАЛДЫҚ



Бүгінде мемлекеттік аппараттың қызметі қанағаттандыруға, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, яғни сервистік қызмет көрсетуге бағытталуда.

налы жаңғырудағы тағы бір іргелі қағидат – мемлекеттік қызметке кіру кезінде беретін антқа адалдық. Ант ету – адамның жауапкершілікті ар-ұжданымен қабылдап алатын рухани-адамгершілік санаттағы салтанатты шара. Ол адамның ар-ұждан бақылауын іске қосып, өз міндетін саналы түрде түсінуді және айтылған сөздері мен жасайтын әрекеттері үшін моральдық жауапкершілікті қабылдауды білдіреді.

Адамзат тарихында антты бұзу, анттан аттау әрқашан айыпталып, мұндай әрекет адамның ар-намысы мен беделіне ойсырата зиян келтіріп отырған. Антты бұзу ел алдында айыпталумен қатар, сенім мен құрметтен жұрдай етеді. Антты қастерлеу, оған ерекше мән беру – халқымыздың болмысына тән қасиет. Халқымызда ант сөзіне қатысты «серт беру», «уәде», «серттесу» ұғымдары бар.

Антқа, берілген уәдеге адалдықты сақтай білу – өнегелі адамға, шын ерге тән қасиет. Анттан аттап кеткен адамдарға жұртшылықтың көңілі суып, олар жағымсыз кейіпке ұшырап отырған. Абайдың тілімен айтқанда «Ант ішіп күнде берген жаны құрсын», яғни сөзінде тұра алмайтын, уәделерін орындай алмайтын адам өз ар-ұжданын, жанын, адамдық қадір-қасиетін түкке тұрғысыз күйге түсіреді. Бұл оның адамдық мәнінің жоғалуына әкеледі.

Антқа адалдық «адамға бағдарланған» мемлекеттік басқару моделіндегі мемлекеттік қызметшілердің негізгі әдеп қағидаларының бірі – адалдық ұғымына етене жақын түсінік. Адалдық жария түрде айтылатын құндылықтық көзқарастардың іс жүзінде, шын мәнінде, жүзеге асырылуын білдіреді. Адал адам – бұл арлы адам.

Мемлекеттік қызметші жоғарыда айтылғандарды ескеріп, саналы өзгеріске бет бұрса, оның тұлғалық болмысының да уақыт талабына сай жаңа сипатта жаңғыры анық.

Түйіндей келе айтарым, саналы өзгеріс үшін біз бір нәрсені жақсы түсінуіміз керек. Ол – мемлекеттік қызметшілердің жоғары құндылықтарды ұстануы жазадан, сыннан немесе бақылаудан қорыққандықтан емес, өзінің ішкі ерік-жігерімен, ниет қалауымен орындалуы. Сонда ғана саналы өзгеріс іс жүзінде орын алмақ. Ал саналы өзгеріс – мемлекеттік қызметті сапалы жаңғыртудың негізі болмақ.

**Маржан БЕРІКХАНҚЫЗЫ,**  
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы**

Демек, клиентке бағдарланған мемлекеттік аппарат құру жалпы мемлекеттік қызметшілердің көзқарасын түбегейлі өзгертуді талап етеді.

Антқа адалдық «адамға бағдарланған» мемлекеттік басқару моделіндегі мемлекеттік қызметшілердің негізгі әдеп қағидаларының бірі – адалдық ұғымына етене жақын түсінік. Адалдық жария түрде айтылатын құндылықтық көзқарастардың іс жүзінде, шын мәнінде, жүзеге асырылуын білдіреді. Адал адам – бұл арлы адам.

Еліміздегі мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениеті «Ең алдымен адамдар» қағидатына негізделеді. Мұндағы басымдықтардың бірі – мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу. Бүгінде Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті жаңғырту тапсырмасын жүзеге асыру аясында 4 заң қабылданып, бірқатар заңға тәуелді актілер дайындалды. Енді мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар күшейтіледі. Мемлекеттік қызметті заман талабына сай түбегейлі жаңғырту тек құқықтық-нормативтік құжаттарға өзгертулер енгізумен шектелмейді. Мұндағы басты міндеттің бірі – мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіру. Ол үшін мемлекеттік қызметшіге саналы тұрғыда өзгеріс қажет. Бұл ниет қалаулары мен ұстанымдық қағидаларын өзгерту талабын тудырады.

Мемлекеттік қызметші өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында азаматтардың қажеттіліктерін танып, олардың үніне құлақ асуы керек. Қабылданатын шешімнің заңдылық, объективтілік ережелеріне және мемлекет мүдделеріне сәйкес келуін ескерген жөн.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда: «Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады», деп саналы өзгеріске деген қажеттіліктің пісіп жетілгенін айтқан болатын. Қазіргі біздің қоғам мемлекеттік қызметшілерден елдік және қоғамдық мүдделерге әділ және адал қызмет

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы ашықтық қағидатымен тығыз байланысты. Мемлекет басшысы «Біз адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген негізгі қағиданы айқын ұстанамыз. Мемлекеттік қызметші үшін са-



# КОНСТИТУЦИЯ - ОСНОВЫ ДЕМОКРАТИИ И СТАБИЛЬНОСТИ



30 августа Республика Казахстан отмечает День Конституции, символизируя важность этого закона в формировании государства, укреплении демократии и обеспечении стабильности в стране. День Конституции связан с принятием Конституции Республики Казахстан в 1995 году. Этот документ стал первым конституционным законом независимой Казахской Республики, заложив основы государственности и демократии. В ходе последующих изменений и дополнений Конституция была усовершенствована с учетом изменяющейся обстановки и нужд общества. Конституция закрепила принципы верховенства права, гарантии прав и свобод граждан, а также механизмы разделения властей.

Основным принципом Конституции Республики Казахстан является верховенство закона и гарантирование прав и свобод граждан. Она устанавливает принципы разделения властей – исполнительной, законодательной и судебной, обеспечивая баланс и взаимодействие этих ветвей власти. Установленные Конституцией принципы управления обеспечивают эффективное функционирование органов власти, способствуя укреплению государственных институтов.

Конституция уделяет особое внимание правам человека и гражданина, предоставляя каждому гарантии на свободу выражения, вероисповедания, объединения, равенство перед законом и защиту от дискриминации. Конституция гарантирует защиту прав и свобод каждого гражданина Республики Казахстан. Право на жизнь, свободу и личную неприкосновенность, свободу выражения мнения, вероисповедания, ассоциации и другие конституционные гарантии создают основу для гармоничного и справедливого общества.

День Конституции также символизирует государственную стабильность, которая является важным фактором для устойчивого развития страны. Конституция является документом, который определяет основу для процветания, демократии и уважению прав и свобод каждого гражданина. Республика Казахстан успешно развивается в различных областях – экономике, социальной сфере, образовании и науке. Конституционный строй обеспечивает необходимую правовую основу для этих достижений. День Конституции Республики Казахстан – это день памяти и гордости, день, когда народ страны отмечает свои достижения и перспективы развития. Этот день напоминает о важности укрепления демократических ценностей и правовых норм в обществе, что способствует процветанию Казахстана как сильной и солидарной нации.

**Ұлан МАМЫТБЕК,**  
Судья Ескельдинского районного суда

# ҚОҒАМНЫҢ ЖЕҢІҚҰРТЫМЕН КҮРЕС ТОЛАСТАМАЙДЫ



Сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді. Тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Атаулы індет әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процессін тежейді.

Демографиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізді. Елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндірді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Елдің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу жолындағы маңызды қадамдардың бірі сыбайлас жемқорлықты жеңу. Бұл мәселеге бүкіл әлемде маңыз бергені кездейсоқ емес. Қоғамның жегі құртына қарсы заңнаманың құрылымы мен мазмұнын реттейтін негізгі құжат-БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конференциясы. Бұл-Бас ассамблеяның 2003 жылғы 31 қазандағы №58/4 қарарымен қабылданған. Бұл қарар бірінші және ең маңызды халықаралық құқықтық құжат. Оның 5-бабында әрбір қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің негізгі қағидаттарына сәйкес қоғамның қатысуын жеңілдететін және заң үстемдігі қағидаттарын көрсететін

тиімді жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеуге және іске асыруға, қоғамдық істер мен қоғамдық меншікті дұрыс басқару, адалдық пен кіршіксіздік, ашықтық және жауапкершілікке бағытталған. Осы аталған саладағы қабылданған Заңнамалардың басты мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жарту және кінәлілерді тиісті жауапқа тартуымен қатар „демократиялық негіздері, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекеттік қызметке кіруге ын таландыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалар бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқа да шаралар қолданылууда. Ескелді ауданының статистика бөлімі осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

**Н.О.ЕСЕЛБАЙ**  
Ескелді ауданының статистика бөлімінің басшысы.

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ЕЛ БОЛАШАҒЫ



Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрнегі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Адамды мұратқа жеткізетін - ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз - қазақ тілі. «Қанша елдің тілін білсең, сонша түрлі ілім білесің» Қазақ тілі – дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі деп санаймыз. Қазақ тілі – өте бай тіл. Қазақ халқының бойына сіңген ата-бабаларымыздың тәлім-тәрбиесі, үлгі-өнегесі – біздің әрқайсысымыздың мақтанышымыз.

Әркім мемлекеттік тілдің қолдану аясан кеңейту жолында өзіндік үлесін қоса алатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сот саласында күнделікті кездесіп жүрген мысалдар арқылы осы мәселедегі кемшіліктерді тілге тиек етсек, артық болмас. Атап айтсақ, сот отырғандарында талап арызды орыс тілінде берген азаматтың басты сот талқылауына алдын ала дайындық кезінде орысша түсінбейтінін айтып, аудармашы тағайындауды сұрайтын жағдайларды кездестіріп жүрміз. Сол кезде, соттың «Талап арызды неге қазақ тілінде бермедіңіз?» деген сауалына бұл талап арызды менің өкілім жазып берді, мен тек көшіріп қол қойып бердім деген жауаптарын да естіп жатамыз. Ал, сот талқылауы барысында жаңағы талапкердің өкілінің жетік меңгерген тілі орыс тілі екеніне көз жеткізіміз. Неге талап арызды қазақша жазатын өкіл алмадыңыз деген сұраққа, жаңағы қарапайым азамат мардымды жауап бере алмай жатады. Осылайша, барлық тарап қазақ болса да істің орыс тілінде жүргізіліп, аудармашы тартылып жататыны құпия емес. Егер осындай болымсыз кемшіліктерге жол бермесе мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесі анағұрлым арта түсері даусыз. Сондай-ақ қылмыстық істерде де сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бірқатар кемшіліктерге жол беріліп келе жатқаны құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергеу-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді

де осы тілде жауап беру-ге мәжбүрлеген жаңдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды көп кездестіреміз. Осындай қарапайым кемшіліктерді түзетіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттығымыз келсе, бірінші қарапайым халықтық құқықтық сауатын ашуымыз қажет. Олар конституциялық құқықтық негізде, сотқа меңгерген тілінде, ана тілінде талапты, арызды беруіне, жауап беру сияқты құқықтарын бастапқы тергеу амалдары кезінде толық пайдаланып, заңның бұрмалануына жол бермейтіндей дәрежеге жеткізу керек. Қазақ тілі тек қағаз жүзінде ғана қалып қоймай күнделікті қолданысқа енгізуге тиіспіз. Осы мақсатта қазақ тілі өзіне лайықты тұғырына сай қолданылуы үшін билік пен бұқара тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс.

Өркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам - өз халқының өткенінен елді, болашағынан да қол үзеді. Елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру ортақ парыз. Өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

**Ұлан МАМЫТБЕК,**  
Ескелді аудандық сотының судьясы



# ҚАРАТАЛАУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА



**Жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ!**

**Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?**  
Жеке басының мақсаттарында пайда алу үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану. Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының амандығына, біздің балаларымыздың жарқын болашағына және жалпы еліміздің дамуына төнген қатер болып табылады.

**Жемқорлық туралы қалай хабарлайды?**  
-Жақын жердегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Департаментіне жазбаша жүгініңіз;  
-E-otinish порталы арқылы өтініш жіберіңіз (ЭЦҚ талап етіледі);  
-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 1424 Call-орталығына қоңырау шалыңыз.

Жемқорлық туралы хабарлағаны үшін көтермелеу. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлағаны үшін 4000 АЕК дейін сыйақы қарастырылған. Жемқорлық үшін қандай жаза қолданылады? Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте қарастырылған. 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

**“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ**



# КҮЛТЕГІН БАТЫР

**Күлтегін (684-731) – Екінші түрік қағанатына Қапаған қаған және Білге қағандар билік еткен дәуірде жасаған батыр қолбасшы, көрнекті мемлекет қайраткері. Құтлық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге қағанның туған інісі. Шешесі Елбілге қатұн. Арғы тегі көк түріктің Ашина әулеті.**

## Өмірбаяны

Күлтегін Екінші түрік қағанатының іргесін қалаушы әйгілі Құтлық қағанның (Елтеріс қаған) екінші ұлы, Білге қағанның туған інісі. Екінші түрік қағанатының негізін қалаушы Елтеріс Құтлық қаған 691 жылы шамасында дүниеден алынды. Ол кезде оның балалары Моцзилян ( // Mò jí lián, яғни Білге қаған) мен Күлтегін әлі кішікене болатын. Түркі ескерткіштерінде Құтлық қаған дүниеден өткен кезде Моцзилян сегіз жаста, Күлтегін жеті жаста болғаны айтылады. Сол себепті, көнеден жалғасып келе жатқан дәстүр бойынша Құтлық қағанның інісі Бөгү чор (Мочо) таққа отырды. Ол «Тәңіріде болмыш тәңірінің оғур Түрік білге құтылық қаған» деп ұлықталды. Түркі ескерткіштері оны «Қапаған қаған» деп жазып қалдырды. Қытай деректері Мочо ( / Mò chū) деп жазды. Жеті жасында әкесінен жетім қалған Күлтегін Қапаған қағанның тәрбиесінде болады. Табиғатынан талантты Күлтегін ерте ержетті. Бұл туралы Білге қаған: «Өкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жасында Ұмай текті анам қатынның құтына (бағына) інім Күлтегін ер атанды. Он алты жасында ағам қағанның елін, төрін осылайша мөңгерді» -деп сағына еске алады [1, 63 б.].

Күлтегіннің он жасы 694 жылдың алды-артына тура келеді. Қапаған қаған таққа отырғаннан кейін, 691 жылы тоғыз оғыздарды түбегейлі бағындыруды күн тәртібіне қойды. Осы жорықта тоғыз оғыздың Баз қағанын өлтірді. Оның балбалын сомдап марқұм Құтылық қағанның басына орнатты. Баз қағанның ұлы мен оның бір бөлім жақтастары қытайға ауып, 693 жылдың күз айларында Хәси дәлізіндегі жайылымдық аймақтарға барып қоныстана бастады. Бірақ Қапаған қаған оларды онда да тыныш қойған жоқ. 694 жылы Қапаған қаған қытай шекарасына жорық жасап, Таң патшалығына бағынған тайпаларды күшпен кері көшіре бастады. Қапаған қағанның тоғыз оғыздардың бұл тобын бағындыру жорығы соншалықты тегеурінді болған. Артынша «У Цзэ-таны әскер аттандырып оларды [түркілерді] кері шегіндірген» [2, 183 ц.]. Түркі ескерткіштерінде «Он жасында інім Күлтегін ер атанды» деп жазған. Күлтегіннің «ер атануы» осы шайқастарда көрсеткен ерлігіне байланысты болған деген пікірлер бар.

697 жылы Қапаған қаған қидан, татабы қатарлы шығыстағы тайпаларды өзіне бағындырды, сонымен бірге Тан патшалығына түрлі қысымдар жасай отырып, оларды қидандар қоныстанған Сунмо аймағынан қуып шығарды және осыған дейін бөліне көшіп, оңтүстіктегі Тан патшалығы ықпалындағы аймақтарға қоныстанған түркі тайпаларын түгел көшіріп алып қайтты.

Қапаған қаған Таң патшалығына қарсы жорықты 698 жылы онан әрі жалғастырды. Айтулы жорықта Моцзилян мен Тонькөк те болған. Қапаған қаған бұл жорықта «Шандун жазығына дейін жаулап, теңізге сәл жетпей» үлкен жеңіспен оралады.

Күлтегін «бала батыр» болып, он алты жасында «ер» атануы міне осындай тарихи уақиғалармен тіке қатысты болған. «Білге қаған» ескерткішіндегі: «Ағам қағанмен бірге ілгері Жасыл өзенге, Шандун жазығына дейін жорық жасадық. Кері – Темір қақпаға дейін жорық жасадық. Барлығы жиырма бес мәрте жорыққа шығып, он үш мәрте соғыстық. Елдігін елсіреттік, қағандығын қағансыраттық. Тізеліні бүктірдік, бастыны жүгіндірдік» деген жолдар Күлтегін мен Білге қағанның жас та болса Қапаған қаған дәуіріндегі түрлі жорықтардың барлығына қатысқанын көрсетіп береді.

«Күлтегін» ескерткішінде Күлтегін «он алты жасында ер атанғанын» баяндаған соң, келесі уақиғаны «Алты баулы соғдаққа қарсы жорық жасадық, бұздық. Табғач он тұтұқ бес түмен қолмен келді. Соғыстық, Күлтегін жаяуларды опыра шапты. Он-тұтұқ басшылары қарулы



қолымен қоса бағынды, қарулыларды қағанға сыйға тарттық. Ол қолды онда біз жоқ қылдық» деп баяндайды [1, 63 б.].

Ал енді «Білге қаған» ескерткіші болса аталмыш уақиғаны бұдан бір жыл бұрын болған уақиғадан бастаған. Онда: «Он жеті жасымда таңғыттарға жорыққа аттандым. Таңғыт халқын талқандадым. Әулетін, ханымын, жылқысын, дүние-мүлкін олжалап алдым [1, 103 б.]» деп жазған.

Бұл жылы Білге қаған он жеті жаста болса, онда Күлтегін он алты жаста болды деген сөз. Бірақ ескерткіште Күлтегін бұл шайқаста не ерлік көрсеткені жазылмаған. Соған қарамастан жоғарыда көрсетілген Күлтегіннің «он алты жасында ер атанғаны» осы уақиғамен тіке қатысты болуға тиіс. Себебі, Қапаған қаған айтулы жорықта бас қолбасшылық міндетті Моцзилян мен Күлтегінге сеніп тапсырған.

Айтулы уақиға туралы Қытай деректемерінде нақты мәлімет сақталмаған. Бірақ, «Син Таншу» кітабының «Лу Юйцзиннің өмір баяны» тармағында: 701 жылы Тибет (Фань билеушісі өзіне қарасты халықты бастап Тан патшалығына бағынды») делінген [3, 116 ц.]. Бұл Білге қағанның «Он жеті жасымда таңғыттарға жорыққа аттандым. Таңғыт халқын талқандадым» деген уақиғамен тіке қатысты болатын. Таңғыттар бұл кезде қазіргі Ганьсу провинциясы мен Шаньси провинциясының бір бөлігін мекендеп отырған.

Күлтегіннің алғашқы ерлігін «Он сегіз жасымда алты баулы соғдаққа аттандым. Халқын онда бұздым. Табғач Он-тұтұқ бес түмен (елу мың) қолмен келді. Ыдұқ-басында соғыстым. Ол қолды онда жойдым!» [1, 103 б.] деп көрсеткен

Қытай деректеріне белгілі болғанындай бұл жорық 701 жылы жаздың соңы мен күздің басында басталған. Соғыстың соңғы нәтижесі Моцзилян мен Күлтегін жеңіспен аяқталған. Түркі ескерткіші көрсеткен «Оң-тұтұқтың» қытайша аты Ван Шэн // Wáng Shēn) деп аталған. Ол бұған дейін Шынчжоу аймағында дуду (тұтық) міндетін атқарған. Ван Шэн 702 жылдың басында шайқаста қаза болған [4, 356 бб.]. Бұл көрсеткіш Білге қаған ескерткішіндегі «Он сегіз жасымда алты баулы соғдаққа аттандым» деген мәліметпен дәлме-дәл келеді.

Көп замандар бойы түрколог ғалымдар аталған «Алты суб соғдақты» Орта азиялық соғдалармен байланысты деп қараған. Кейін келе өз шешімін тапты [5, 28 б.]. Шын мәнінде олар қытайша «Хэцзюй» деп аталатын аймақты қоныстанған соғдалар болатын. 679 жылы басталған түркі тайпаларының көтерілісі кезінде түркі тайпаларымен аралас отырған бұл соғдылар түркі тайпаларынан бөлініп, Тан патшалығына бағыныштылығын сақтап қалған еді. Таң патшалығы оларды Хэцзюй өңіріне көшіріп апарып, Линчжоу аймағының (қазіргі Нинсядағы Лин-у қаласы) оңтүстік жағынан «Лу, Ли, Хань, Сай, И, Ци» деген алты чжоу (әкімшілік аймақ) құрып сонда қоныстандырған. Сол

кезде оны «Люхучжоу (Алты хучжоуы)» деп атаған. Түркілер бұл аймақты «Алты шұб соғдақ (Алты баулы соғды)» деп атаған. Қапаған қаған таққа отырғаннан кейін, бұрын түркі боданы болған осы ерекше қауымды Таң патшалығынан тартып алу мақсатында Моцзилян мен Күлтегінді аттандырып, ол жерді тартып алды.

«Күлтегін» ескерткіші бұл туралы: «Алты баулы соғдаққа қарсы жорық жасадық, бұздық. Табғач Оң-тұтұқ бес түмен қолмен келді. Соғыстық. Күлтегін жаяуларды опыра шапты. Оң-тұтұқ басшыларын қарулы қолымен қоса бағындырды, қарулыларды қағанға сыйға тартты. Ол қолды онда біз жоқ қылдық [1, 63 б.]» деп жазған еді.

Күлтегін мен Моцзилян басқарған бұл қосын Табғаш Оң-тұтұқтың (Ваң Шэн) 50 мың әскерін талқандап, оны өлтіргеннен кейін, жорықты онан әрі жалғастырып, Янь, Ся қатарлы аудандарды тонап, келесі бір қытай қолбасшы Хан Сычжун қосынын талқандай отырып, Шилин қамалын тартып алған әрі Биңжоу (қазіргі Тайюань қаласы) қаласын қоршауға алған, сонымен бірге сол маңдағы аудандарға әскер аттандырып, шабуылдар жасаған. Арада жарым ай уақыт өткеннен кейін ғана кері шегінген.

Түркі ескерткіштерінде келесі уақиға ретінде «Жиырма жасымда Басмыл Ыдықұт басыбайлы иелік халқым еді. Керуен жібермеді деп жауладым. ...Бағындырдым» деген мәліметтер тіркеледі. Аталған уақиға 704 жылы болуға тиіс. Бұдан бұрынғы жорық сияқты Күлтегін бұл жолы да соғыстың негізгі қолбасшысы ретінде танылған.

706 жылы қыста Қапаған қаған Күлтегін мен Моцзилян екеуін табғач жеріне кезекті жорыққа аттандырды. Бұл жолы да әдеттегідей Моцзилян бас қолбасшы, Күлтегін алдыңғы шептегі шабуылшы болған.

Қытай деректері берген мәлімет бойынша Күлтегін басқаруындағы шабуылшы қосындар ең бірінші Минша ( Ming shā) деген аудан қалашығына шабуыл жасаған. Тан патшалығы оларға қарсы Шачжа Чжун-и // Shā zhā Zhōngyì) атты қолбасшыны аттандырған. Түркі жазбалары «Чача сеңун» деп жазған бұл адамның шыққан тегі Кореядағы Пуиулерден тараған баегже жұртының адамы болған. Ол бұл кезде Таң патшалығының еді бетке басар қолбасшыларының бірі саналатын.

Айтулы жорықтың болған жылы туралы «Білге қаған» ескерткішінде: «Жиырма екі жасымда Табғачқа қарсы аттандым. Чача-Сеңуннің сегіз түмен (сексен мың) қолымен соғыстым. Қолын онда жойдым» деп қысқа ғана жазған [1, 103 б.].

Осынау аса маңызды тарихи уақиға туралы қытай деректемелері жөнді мәлімет бермеген әрі дерек мазмұнында бірізділік сақталмаған. «Син Таншу» кітабының «Чжун Цзун патшаның өмірбаяны» тарауында: 12-ші айда Лин-у қосынының бас қолбасшысы Шачжа Чжун-и түркілермен Миншада соғысып, жеңіліп қалды» деп қысқа қайырған.

«Син Таншу» кітабының келесі

бір жерінде «Мочо Минша жеріне шабуыл жасады. Сол кезде Лин-у қосынының бас қолбасшысы Шачжа Чжун-и онымен шайқасқа шықты, бірақ жеңіліске ұшырап, біздің жақтан неше ондаған мың адам өлді» [6, 184 б.]...

«Тан хуэй яо» кітабы Шэньлун жылнамасының екінші жылы 12-ші айда Мочо (Қапаған қаған) Миншаға шабуыл жасады дегенді ғана жазған [7, 94 ц.]...

«Цзю таншу» кітабында: Мочо (Қапаған қаған) Линчжоу аймағының Минша ауданына тағы шабуыл жасады. Лин-у қосынының бас қолбасшысы Шачжа Чжун-и ұзақ уақыт шайқасып, патша армиясы жеңіліс тапты. 6000 нан астам өлді [2, 194 ц.] делінген.

Дәл осы кітаптың келесі тарауында: 12 айда Мочо (Қапаған қаған) Линчжоу аймағының Минша ауданына тағы шабуыл жасады. Лин-у қосынының бас қолбасшысы Шачжа Чжун-и оған соққы берді. Патша армиясы жеңіліп, отыз мың адам өлді [2, 7 ц.] делінеді.

Бұл туралы «Цзы чжи тун цзянь» кітабы: Шэньлун жылнамасының екінші жылы 12 айда түркі Мочо Миншаға шабуыл жасады. Лин-у қосынының бас қолбасшысы Шачжа Чжун-и онымен соғысып, жеңілді. 6000 нан астам адам өлді [8, 208 ц.] деп хабарлаған. «Тундянь» [9, 198 ц.] және «Тай пин хуань юй цзи» [10, 196 ц.] қатарлы еңбектер де 6000 нан астам адам өлді дегенді хабарлаған.

Қытай деректері берген мәліметтер осындай әр түрлі болып келеді. Бұл жерде табғач тарапының өлген жауынгерлерінің саны ең кемінде отыз мың немесе одан да көбірек болуға тиіс. Сол себепті Шача Чжун-и осы соғыстан кейін аса ауыр жазаға тартылған. Таң патшалығы оның бүкіл мансабын, атақ-шенін түгелдей алып тастаған.

Аталған шайқас туралы «Күлтегін» ескерткішінде ең толық баяндалған. Онда көрсетілгендей шайқас аса ауыр болған. «Күлтегін» ескерткіші бұл шайқас туралы былай деп баяндаған:

[Күлтегін] жиырма бір жасында Чача-Сеңунмен соғысты. Ең ілкі мәрте Тадықын-чордың боз атын мініп айқасты. Ол ат онда өлді. Екінші мәрте Ышбара Жамтардың боз атын мініп айқасты. Ол ат онда өлді. Үшінші мәрте Жіген-сіліг (жиенсіліг)-бектің көжімді торы атын мініп айқасты. Ол ат онда өлді. Сауытына, қалқанына жүзден артық оқ тиді. Жүзіне, басына бірін де тигізбеді. Шабуылы тегеурінді, түркі бектері ұғып білесіздер! Ол қолды сонда жоқ қылдық [1, 63 б.].

Керіп отырғанымыздай Күлтегін бұл жолы шайқаста ерекше ерлік көрсеткен. Он жау шебіне артартынан үш мәрте аттанған. Осының өзі атағы жер жарған Чача-Сеңуннің жеңілісімен аяқталған бұл шайқастың қытай деректері көрсеткендей жеңіл-желпі болмағанын, олардың «сексен мың» табғач әскерін түбегейлі жойғанын көрсетіп береді.

Аталған шайқасты қытай деректері «Шэньлун жылнамасының екінші жылы 12 айда» деп көрсеткен. Бұл жыл көрсеткіш бойынша 706 жылдың қысына тура келеді.

Түркі жазбалары бізге қосымша тағы бір мәліметті ұсынған. Шын мәнінде айтулы жорық басталмас бұрын, Тан патшалығы Байырқулармен тіл біріктіре отырып, Түркі қағанатына оңтүстік және солтүстік екі бағыттан бірлікте шабуыл жасау туралы уағдаластыққа қол жеткізген. Бұл қастандықтан хабар алған Қапаған қаған ең бірінші

Күлтегін мен Моцзилянды Оңтүстікке аттандырып, онда жеңіске жеткеннен кейін, екі бағытқа бөлініп жорықты жалғастырған. Білге қаған оңтүстікке қарай қытай жерінде жалғасты жорықтар жасаған. Күлтегін сол жерден солтүстікке беттеп табғачтардың солтүстіктегі одақтасы байырқулардың сазайын берген. «Күлтегін» ескерткіші бұл уақиғаны: «Одан соң Жер-байырқу [тайпасының] Ұлуғ-еркін жау болды. Оның тоз-тозын шығарып, Түргі-жарғун көлінде талқандадық. Ұлуғ-еркін аздаған сарбаздарымен қашып кетті» [1, 63 б.] деп көрсетті.

Осы жәйді ескерсек бұл тұтас бір жорықтың екіші бір бөлігі болып табылады. Себебі, Күлтегін солтүстікке аттанып байырқуларды талқандаған кезде, Білге қаған бастаған қосын Қытай жеріне жалғасты жорық жасап, Минша қаласын тонап одан әрі «Юань және Хуэй аймақтарына шабуыл жасаған» [7, 94 ц.]; «Лун ю аймағына шабуыл жасап, ол жерден он мыңнан астам жылқы олжалаған», [2, 7 ц.]. Сондай-ақ, «Минша қаласы қиратып күйреңдіге айналып қалған» [8, 4 ц.]. Бұл жорықтар Күлтегін солтүстікке байырқуларға аттанып кеткеннен кейін, Моцзилянның басшылығында болған.

Осы соғыстан кейін Таң патшалығымен арадағы қалыптасқан жағдайда өзгерістер орын ала бастаған болатын. Ең бірінші кемпір патша У Цзытянь өліп, Таң патшалығына Ли әулеті қайта билікке келді әрі патшалық билікте тұрақтылық орнады. Соған байланысты Таң патшалығының Түркі қағанатына қаратқан саясаты да өзгере бастады. Бұл өзгерістердің орын алуы Қапаған қаған билігіне тиімсіз бағытқа қарай бет бұрды. Таң патшалығы ордасында бұрынғыдай түркілерден қорғану емес, оларды бағындыру, жорықтар жасау туралы пікірлер қозғала бастады.

Бұл саясат ең бірінші шекаралық аймақтарда қорғанысқа қажетті қала-бекіністер тұрғызу, қамал қорғандар соғу; екінші, түркілерге қарсы барлық саяси күштермен бірлесу; үшінші, солтүстікке жорық жасау сияқты үш бағытта атқарылды.

Осыған байланысты қолға алған маңызды шараның бірі түркештермен, қырғыздармен, Бохай, Шивэйлермен (татар, татабы) саяси, әскери одақтар орнату болды.

Сөйтіп, Таң патшалығы Он оқ еліне байланысты қалыптасқан Батыс түрік қағанаты хан әулетінен шыққан ақсүйектерге көмек көрсету саясатынан бас тартып, бұған дейін өздерімен жауласып келген түркеш билеушісі Сақалға ( Suò gé) қолдау көрсете бастады. 709 жылы Сақалдың Түркештерге болған билігін заңды деп мойындап, оны «Он төрт оқ қағаны» деп таныды. Нәтижеде Таң патшалығы бұған дейін Шығыс түрік қағанаты ықпалында болып келген Сақалды өз жағына тартып Қапаған қағанды оқшау күйге түсіру мақсатына қол жеткізді.

Дәл осы 709 жылы қыста Енисей қырғыздары Тан патшалығына елші жіберіп екеуара саяси одақ орнатып қайтты. Тан патшалығына елші жібергендердің қатарында Түркі қағанатының Маньчжурия жақтағы бодандары қытайлар «шивэй», түркі деректері татабы т.б. деп жазған елдер де болды. Мұндай «елші жіберудің» мақсаты жай ғана елші аттандырып, сый-сияпат жасасу шеңберінен шығып, үлкен саяси одақ құруға бағытталды.

710 жылы Тан патшалығы Шығыс түрік қағанатына қарсы жорыққа аттанудың уақыты жетті деп шешті. Осы жылы 5 айда Тан патшалығының кезекті императоры Тан Чжунцзун өзінің патша жарлығы – «Солтүстікке жорық жарлығын» жариялады. Бұл жарлықтың негізгі мазмұны Шығыс түркі қағанатын түбегейлі жаулап алу болды. Бірақ, арада бір ай өткен кезде Тан патшалығы ордасында кезекті билік таласы орын алып, аталған «жарлық» өз күшін жойды.

Тан Чжунцзун патшаның аталмыш жоспарының құрдымға кетуі Тан патшалығындағы соғысты дөріптеуші топтың күшін әлсіретті, ең ауыр зардапты патшалықтың одақтастары тартты.

Бұл кезде Шығыс түрік қағанаты





Басы 4-бетте

# КҮЛТЕГІН БАТЫР

өзінің кезекті қорғаныс шараларын нақтылай бастады әрі сол негізде аса қомақты жеңістерге қол жеткізді.

710 жылы Қапаған қаған өзінің шығыстағы вассалдары татабы қатарлы тайпаларды Тан патшалығына жорыққа аттандырды.

711 жылы Янэчи тегінді Тан патшалығына елшіге аттандырып, түрлі келіссөздер жүргізді. Сол арқылы бір жағынан Тан патшалығы мен қырғыздардың, түргештер мен Тан патшалығы арасына ірікті салды әрі уақытты соза білді. Осы уақытты пайдаланып қырғыздар мен түркештерге жорық жасап, ол екеуін де талқандап тастады.

Қапаған қаған бұл жорықты ең бірінші қырғыздарға шабуыл жасаудан бастады. Қапаған қаған жорықты өзі басқарды. Жорыққа қатысқандар арасында Қапаған қағанның ұлы – Бөгу (түркі ескерткіштерінде – «Inal qaghan // Инал қаған»), Моцзилян мен Күлтегін, қағанаттың ақылгерлері Апа тарқан, Бойле Баға тарқан Тоныкөк қатарлылар болды. Түркі ескерткіштері аталған соғыстың тұтас барысын толықтай баяндап өткен.

Күлтегіннің осы жылдары жасаған ерлігін түркі ескерткіші берген мәліметі Күлтегіннің 26 жасында болған уақиға ретінде былай деп баяндап жазады:

«Күлтегіннің жиырма алты жасында бір қырғызға қарсы аттандық. Сүңгі бойлар қарды сөгін, Көгмен жынысын айналып өтіп, қырғыз халқын өкшелей құдық. Қағаны мен Соңа-жыныста найзаластық. Күлтегін Байыркудың ақ айғырын мініп опыра шапты. Бір ерін оққа ұшырды. Екі ерін найзамен шаншыды. Ол айқаста Байыркудың ақ айғырының бөлі мертіккі. Қырғыз қағанын өлтірдік. Елін алдық. Ол жылы Түркешке қарсы Алтын-жынысын айналып өтіп, Ертіс өзенін кеше жорыттық. Түргеш халқын біз өкшелей қуаладық. Түргеш қағанның қолы Болчуда отша, боранша жүйткіп келді. Соғыстық. Күлтегін боз қасқа [.....] түсірді, екеуін өзі сулатты. Сосын тағы шабуылдап, Түргеш қағанның қолбасшысы Аз-түтүқтың елін жаулап алдық. Қағанын анда өлтірдік. Елін алдық. Қара-үргеш халқы бағынып, қол астыма кірді. Ол халықты біз Табарға қондырдық. Соғда халқын жаулап алмақ болып Инчу өзенін кешіп, Темір-қақпаға дейін жорық жасадық. Онда Қара-түргеш халқы жау болды. Кеңреске қарай бардық. Біздің қолымыз аты арық, азығы жоқ еді. Жаман кісі, ер

Алып ер бізге тиіскен еді. Сол кезде шарасыздан Күлтегінді аз ермен аттандырып жібердік. Ұлы соғыс жасады. Алып шалысты ақ мініп айқасты. Қара-түргеш халқын сонда жеңдік, алдық. Және жортып» [1, 63-64 бб.].

Солай дегенмен осы реткі жорық аяқталғаннан кейін Қапаған қаған Күлтегін, Моцзилян, Тоныкөк қатарлыларды әскери биліктен шеттете бастағаны байқалады. Тоныкөк өзінің қызын Қапаған қағанға ұзатып, бұл тығырықтан шыққан тәрізді. Бірақ, Күлтегін мен ағасы Моцзилян жорықтарда бұрынғыдай өз еркімен қол басқару мүмкіндігінен айрылған еді. «Күлтегін» ескерткішінде оның бұл тұстағы ерлігі толық жазылған.

Осыдан кейін Шығыс түрік қағанатының қоғамдық өмірінде түрлі қайшылықтар асқынып, саяси

алауыздықтар күшейе түскен болатын. Тоғыз оғыздар мен көк түріктер арасында берекесіздік жаппай орын алды.

Тоғыз оғыздардың түркі билігіне қарсылығы ең бірінші қарлұқтардан басталғаны байқалады. «Күлтегін жиырма жеті жасында қарлұқ халқы әрісәрі толқып жүріп, ақыры жау болды. Тамағ-Ыдұқ басында соғыстық» [1, 64 б.] деген мәлімет сол берекесіздіктің басы болды. Қарлұқтармен арадағы бұл соғыс осымен аяқталмаған, 714 жылы қайта жалғасын тапқан. «Күлтегін ол соғыста отыз жаста еді. Алып шалысты ағын мініп опыра шапты. Екі елін ұтылап шаншыды. Қарлұқтарды қырдық, алдық» [1, 64 б.] деп көрсетіледі.

«Күлтегін» ескерткіші бойынша 715 жылы Күлтегіннің отыз бір жасында Аздармен соғысқан. Ескерткіш «Аз халқы сонда қырылды» деп жаза отырып, артынан «Ағам-қағанның елі толқуда болғанда, халық пен ел екіге бөлінгенде, Ізгіл халқымен соғыстық, ... Ізгіл халқы қырылды, Тоғыз-оғыз халқы өз халқым еді. Тәңірінің, Жердің киесіне ұшырап жау болды. Бір жылда бес мәрте біз соғыстық ...» [1, 64 б.] деп жазады. Осылардың барлығы Түркі қағанаты құрамындағы тоғыз оғыздардың қағанат билігіне қарсы бүлгі жаппай орын алғанын көрсетіп береді. Ескерткіш бұл уақиғаны: «Ағам-қағанның елі толқуда болғанда, халық пен ел екіге бөлінгенде», «Тоғыз-оғыз халқы өз халқым еді. Тәңірінің, Жердің киесіне ұшырап жау болды» деп тәптештеп отырып көрсеткен.

Тоғыз оғыздардың өз қағанымен жауласып, қағанатта саяси тұрақсыздықтың орын алуы Тан патшалығына аса тамаша мүмкіндіктер берді.

Сөйтіп, 716 жылы көктемде Тан патшалығының Түркі қағанатына үш бағытта жорыққа шықты. Бас қолбасшы Сюе Не бастаған орталық бағыттағы қосын түркілердің тегеуірінді қарсылығына тап болып, артынан «бейбітшілік туыстық» орнатып, мәмлеге келді. Ал, Ян Цзиншу бастаған батыс бағыт туралы тарихи деректерде еш мәлімет сақталмаған, соған қарағанда ол да жеңілген болуы мүмкін. Тек үшінші бағыттағы – шығыс бағыттағы Чжан Чжи-юнь // Zhāng Zhīyùn), бастаған қосын ғана табысты жорық жасаған. Себебі Чжан Чжи-юнь қосынында Тан патшалығына бағынған Тибет жауынгерлері болған. Бас қолбасшы Чжан Чжи-юнь жорық кезінде тибеттік Гунжэнь ( // Gōng Rén) жасағын алдыңғы шепке аттандырған. Олар тибеттіктерден жасақтаған атты жасақтың көмегінде Түркі жеріне жетіп, тоғыз оғыз қосындарымен сәйкесе отырып, Түркі қағанатын іштен іріте алған еді.

716 жылы Қапаған қаған жорыққа қаза болады. Қапаған қаған қайтыс болған соң, оның орнына ұлы Бөгу қаған (Инал қаған) таққа отырып, Бөгу қаған атанады. Бөгу қаған тағына отырғаннан кейін, өзінің туған інісі Мо тегінді Төліш шад деп ұлықтап, Ашина Білге тегін дегенді Тардұш шад деп ұлықтағаны туралы мәлімет бар [2, 98б қ.]. Осы дерекке негізделгенде, ол Құтылық қағанның

екі ұлы Күлтегін мен Моцзилянды биліктен шеттете бастаған деуге тура келеді.

Қапаған қаған қайтыс болған тұста, Күлтегін қырғыздарға қарсы жорықта жүрген. Бірақ, Қырғыз елінен жеңіспен оралған Күлтегін өз жақтастарын жинап, қағанды, оның інілері мен туысқандарын түгел өлтіріп, Қапаған қаған дәуірінде Төліш шад міндетін атқарған Моцзилянды «Білге қаған» деп ұлықтайды. Күлтегін өзі қағанаттың сол қол шады және бас қолбасшы болады.

Бұл жолғы орда шайқасында Күлтегін жаңа ғана қағанат тағына отырған Бөгу қаған (Инал қаған) мен Қапаған қағанның жақтастарын түгелге жуық өлтіреді. Қапаған қаған ұрпағынан оның Мо тегін делінген ұлы мен Ашидэ Мими деген ақсуыкке ұзатылған қызы ғана аман қалып, қытайға қашып кеткен. Қапаған қағанның бұрынғы жақтастарынан Білге Тоныкөк аман қалған еді. Себебі ол Білге қағанның қайынатасы болатын-ды. Тоныкөк аман қалғанымен біраз уақыт құдаланып, 719 жылы шамасында ғана «Бойла баға тарқан» деген атақшөні қалпына келтіріледі.

Дәстүр бойынша қағанаттың тағына «әке өлсе бала мұрагерлік ету» мен «аға өлсе іні мұрагерлік ету» сынды екі түрлі мұрагерлік қатар сақталды. Шығыс түрік қағанаты хан мұрагерлік жүйесінде көнеден жалғасып келе жатқан елдің шығыс бөлігін басқарушы тақ мұрагері болатын көне дәстүр де жолға қойылып отырды. Қағанаттың шығыс қанатын билеуші – «төліш шад» (кейде Төліш хан) деп аталды. Тақ мұрагері қағанаттың шығыс қанатын басқарушы төліш шад болатын бұл заңдық норма бойынша қаған опат болған жағдайда оның орнына бауыры немесе баласын тағайындау мәселесі бойынша көп дау туындамайтын еді. Себебі, қаған кезінің тірісінде шығыс тараптың төліш шад немесе төліш ханы етіп кімді тағайындаса сол адам тақ мұрагері ретінде міндетті түрде қаған болып ұлықталатын болатын.

Сол себепті Күлтегін бұл жолы ата заңды бұзды деп айтуға негіз жоқ еді. Себебі, Қапаған қаған Моцзилянды әуел баста «тардұш шад» деп ұлықтаған болатын. Соған сәйкес Күлтегін «тардұш шад» лауазым иесі болған ағасы Моцзилянды қағанаттың тағына отырғызып, «Білге қаған» деп ұлықтау өте заңды болатын.

Бұл тарихи уақиғаны қытай деректері былай деп жазды:

«Онан соң Мочо тағы да «тоғыз тайпа [құрамындаығы]» ба-е-гуларға жорық жасап, олармен Делэ өзенінде соғысты, ба-е-гулар ойсырай жеңілді. [жеңісіне насаттанған] Мочо аз әскерімен бір нулы орманда қаннен-жорықс кетіп бара жатқанда, ба-е-гулардың соғыстан аман қалған адамдары оған тұтқиыл шабуыл жасап, оның басын кесіп алды. Содан соң ба-е-гулар оның басын варварлар жеріне барған патша елшісі Хао Линцоань арқылы патша астанасына жеткізді» [6, 187 б.].

Білге қаған Моцзилян бұрын «кіші шад» деп аталған. Табиғатынан мейрімді ол «еңбек сіңірмедім» деп, қаған тағын Күлтегінге ұсынды, Күлтегін таққа отыруға жүрексінген соң ғана барып қаған болды – бұл кайоань жылнамасының 4 жылында (Яғни 716 жылы) болған еді. Ол қаған тағына отырған соң, Күлтегін өзінің сол қолы етіп тағайындап, елдегі әскери істі соның қолына тапсырды. Кезінде, Мочо өлгенде, Күлтегін оның уәзірлерін түгелдей қырған. Сонда Тоныкөктің қызы Пофу «Säbäg» Моцзилянның қатұны болғандықтан ғана Тоныкөкті өлтірмей, оны тек мансабынан алып, өз руына қайтарып жіберген. Кейін түркештердің Сулу қағаны өзін қаған деп жариялап, түркі тайпалары арасында арандатушылық көбейген кезде, Моцзилян Тунюйгуды (Тоныкөк) өзінің жанына шақырып алып, мемлекет істері жайында одан ақыл сұрайтын болды. Сол кезде Тоныкөктің жасы 70-тен асқан, ел-жұрты оны сыйлап, одан именетін еді» [6, 188 б.].

Қапаған қаған дүние салғаннан кейін, Күлтегін Қапаған қағанның



қағанат билігіне келген ұлын және оның қалған балаларын қоса өлтіріп, өз ағасын ұлықтады. Қапаған қағанның құрметіне үлкен ас беріп, халықаралық деңгейде атап өтті. Оның қазасына алыс-жуықтағы елдерден адамдар келіп көңіл айтып аза білдірді. Қазірге дейін Қапаған қағанның атына қойылған жазба ескерткіш табылған жоқ, дегенмен Күлтегіннің Білге қаған мен Тоныкөктің құрметіне қойылған ескерткіштер мазмұнында Қапаған қағанның тарихи орны туралы әділ баға беріліп отырды.

717 жылы Білге қаған Тан патшалығына елші аттандырып, «бейбітшілік» орнату туралы өз тілегін жеткізді.

718 жылы Түркілер Тан патшалығының солтүстік шекаралық аймақтағы қорғаныс армиясы – Да-у және Хэн-э әскери қосынына шабуыл жасап, Тан патшалығына бағынған қарлықтар мен татабыларға жеке-жеке соққы берді.

Осы жылы Таң патшалығы Түркеш билеушісі Сулыққа мансаптар тағайындай бастады. Осы кезде Білге қаған да өзінің қызын Түркеш қағанына ұзатты әрі Сулудың қызын өз ұлына алып беріп құда болды. Тан патшалығы түркі қағанатын жою мақсатында басмал, қырғыз, қидан, татабы қатарлы елдермен бірлескен жорық жасауды жоспарлады. Білге қаған мен Тоныкөк осындай күрделі кезеңде бөрі бір ақылгөй абыздың шарапатына мұқтаж болды. Сөйтіп, олар Білге Тоныкөктің ақылына жүгінді. Тоныкөктің бұрынғы атақмансабын қалпына келтіріп, оған қағанаттың ақылгөйі дәрежесін қайтарып берді.

719 жылы Тан патшалығының Білге қаған мен ол басқарған Түркі қағанатын құрту мақсатындағы қастандық әрекеті одан әрі жалғасты. Олар Түркеш қағаны Сулуға «Чжуншунь қаған» (Адал қаған) деген атақ берді. Артында қытай қолбасшысы Ван Цзунь Wáng Jùn) басмалдер мен татабыларды Түркі қағанатының екі бүйірінен шабуыл жасауды жоспарлады.

Білге қаған мен Күлтегін ең әуелі елден бұрын уағдалы жерге беттеген басмалдарды Бесбалық маңында бағындырды. Сол жерден Хэси дәлізіне жорыққа аттанып, ондағы қалалар мен елді мекендерді тонап, әскери қорғанысқа қажетті жылқыларын барымталап, патшалықтың әскери әлеуетін құрдымға жіберді. Тан патшалығының Түрік қағанатын жою мақсатындағы кезекті жоспары сәтсіз аяқталды. Бұл жеңіс қағанаттың еңсесін тіктеп, іргесін бекітті.

720 жылы Екінші Түрік қағанатының Қапаған қаған дәуіріндегі әлеуеті қалпына келді. Түркі қағанаты Тибетке елші аттандырып Тан патшалығына қарсы одақ құрды. Сонымен бірге қидан, татабы қатарлыларды Тан патшалығына қарсы қойып, қытайға шабуыл жасауға ұйымдастырды. Сонымен бірге «алты сұба соғдақтардың» Тан патшалығына қарсы күресін ұйымдастырды.

Ван Цзуньді аттандырып Алты сұба соғдақтарды тыныштандырды. Тан патшалығы қидандар мен татабылардың қарсылығын тыныштандыру мақсатында түрлі қадамдар жасады.

721 жылы Кан Лайбин бастаған алты сұба соғдақтардың көтерілісі өз жалғасын тапты, Тан патшалығы

қолбасшысы Ван Цзунь оларға қарсы кезекті жорығын жасады.

Міне солай аймақтық геосаясатта Түркі қағанаты аса зор жетістіктерге жете бастады. Осыған орай көрші Тан патшалығы Түркі қағанатына қаратқан қастандыққа толы пиғылтын өзгертіп, райынан қайтты. 721 жылы Тан патшалығы ымыраға келді.

722 жылы Білге қаған қидандарға жорыққа аттанды. Кан Лайбин бастаған алты сұба соғдақтардың көтерілісі өз жалғасын тапты, Тан патшалығы оларға қарсы кезекті жорығын жасады. Тан патшалығы Түркеш қағанатын өзіне бағындыру мақсатында Ашина Хуайдао атты Тан патшалығына бағынған түркі ақсуыегінің қызын Сулуға құнчүй ретінде ұзатты.

724 жылы Білге қаған Тан патшалығынан патша әулетінің ханышаларының бірін өзіне беруді, екі ел құдандалы ел болуды талап етті.

725 жылы Тан патшалығы Шығыс Түрік қағанатына шақырту жіберіп, Цюаньцзун патшаның киелі Тайшань тауына зиярат ету рәсіміне қатысуға шақырды. Білге қаған Тан патшалығына өзінің елшілерін аттандырды.

727 жылы Тибет билеушісі Білге қағанға хат жазып, Тан патшалығына бірлікте жорық жасау туралы ұсыныс қойды. Білге қаған бұл хатты Тан патшалығына жеткізді. Тан патшалығы мен шығыс түрік қағанаты шекарадағы қорғаныс қамалдарында сауда жасай бастады.

729 жылы бұған дейін Тан патшалығына келіп бағынған әрі Хэси дәлізіндегі жайылымдық аймақтарды қоныстанған ұйғыр, циби, ізгіл, хун қатарлы тоғыз оғыз тайпалары Лянчжоу аймағының дудуы Ван Цзуньді өлтіріп тастап, Шығыс түрік қағанатына бағынды.

730 жылы татабы, қидан қатарлы шығыстағы тайпалар Тан патшалығына қарсы көтеріліске шығып Шығыс түрік қағанатына бағынды.

731 жылдың ақпан айында Күлтегін 47 жасында дүние салды.

Күлтегін өмірден озғанда қағанаттың алып тірегі құлап түскендей болды. Ұлы Дала күңіреніп, оның арта қалған ел-жұрты қайғырып жоқтау айтты. Төрткүл дүниеден түгел елшілер келіп, Күлтегін рухына тағзым етіпті. Басына ел тарихын жазып, алып ескерткіш орнатты.

## Еңбегі

Күлтегін ат жалын тартып мінгеннен өмірінің соңына дейін, қағанаттың ішкі және сыртқы жауларымен күресу жолында еңбек етті. Оның бозбала шағындағы ерліктерінің өзі Қапаған қаған дәуіріндегі елдің ел болып сақталуына орасан зор рөл атқарды. Ал, ағасы Білге қаған дәуіріндегі ерлігі қағанаттың төңдессіз деңгейге жетуінің берік негізі болды. Ол Түркі қағанатының елдігі, жерінің бүтіндігі мен елінің ертеңі үшін бүкіл саналы ғұмырын ат жалында өткізді. Осындай қажырлы еңбек етіп, «Ілгері Жасыл өзенге, Шандун жазығына дейін жорық жасады. Кері – Темір қақапаға дейін жорық жасады. Империя жауларының елдігін елсіретті, қағандығын қағансыратты. Тізеліні бүктірді, бастыны жүгіндірді. Білге қаған Күлтегіннің еңбегін бағалаған кезде: «Әкеміз, ағамыз құрған халықтың атақ-даңқы» өшпесін деп, түрік халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Инім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өліп-тіріліп елді құрадым»; «Күлтегін жоқ болса, бөрің өлімші болар елдің» деп жазды.

## Ұлықталуы

Күлтегін киелі орын кешені, орны Моңғолияның Архангай аймағы, Хашат сумының, Орхон өзенінің оң жағалауындағы Көше-Цайдам деп аталған жерде.

2001 жылы 18 мамырда Еуразия ұлттық университетіне Күлтегін жазба ескерткішінің көшірмесі қойылды.

ҚР Ұлттық банкі 2016 жылы 4 қарашада «Дала қазынасы» монеталар сериясынан номиналы 500 теңгелік, «proof» сапалы «Күлтегін» күміс ескерткіш монеталарын айналысқа шығарды.





## ПРОИЗВОДСТВЕННЫЙ КОНТРОЛЬ

**Индивидуальные предприниматели и юридические лица, осуществляющие деятельность на объектах, подлежащих контролю и надзору в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, разрабатывают, документально оформляют, внедряют и поддерживают в рабочем состоянии эффективную систему производственного контроля.**

Обеспечение производственного контроля (Кодекс РК О здоровье народа и системе здравоохранения), возлагается на индивидуального предпринимателя или руководителя юридического лица.

Обеспечение своевременности, полноты и достоверности осуществляемого производственного контроля возлагается на лиц, назначаемых индивидуальным предпринимателем или юридическим лицом.

Целью производственного контроля является обеспечение безопасности и (или) безвредности для человека продукции, работ и услуг путем организации и проведения на объекте самоконтроля за соблюдением требований нормативных правовых актов в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

Согласно Санитарным правилам № 62 от 07.04.2023 года.

«Санитарно-эпидемиологические требования к осуществлению производственного контроля»

Производственный контроль включает в себя:

- 1) разработку программы производственного контроля;
- 2) осуществление (организацию) лабораторных исследований и замеров в соответствии с требованиями нормативных правовых актов в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения;
- 3) контроль за своевременностью и полнотой прохождения медицинских осмотров;
- 4) контроль за наличием документов, подтверждающих безопасность и соответствие продукции;
- 5) оценку факторов риска, анализ

выявленных опасностей, критериев безопасности и (или) безвредности факторов производственной и окружающей среды и определение методов контроля безопасности процессов;

6) ведение учета и отчетности документации, связанной с осуществлением производственного контроля;

7) разработку схемы информирования населения, местных исполнительных органов, государственного органа в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения об аварийных ситуациях, остановках производства, нарушениях технологических процессов, о связанных с деятельностью объекта массовых (три и более случаев) инфекционных и паразитарных, профессиональных заболеваниях и отравлениях, создающих угрозу санитарно-эпидемиологическому благополучию населения;

8) контроль за выполнением мероприятий, предусмотренных программой производственного контроля.

Разработка программы производственного контроля осуществляется индивидуальным предпринимателем, юридическим лицом самостоятельно или с привлечением лиц, осуществляющих санитарно-эпидемиологический аудит.

Программа производственного контроля подлежит пересмотру при внедрении новой технологии, внесении изменений в технологический процесс, рецептуру пищевого продукта, других изменениях, влияющих на стабильность санитарно-эпидемиологической ситуации и (или) создающих угрозу санитарно-эпидемиологическому благополучию населения.

Требования к осуществлению производственного контроля устанавливаются в санитарных правилах, утверждаемых государственным органом в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**  
Руководитель Ескельдинского районного УСЭК  
**Т. ЖАКИШЕВ,**  
Главный специалист

## ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫҢ АЛУ!

**Тағамнан уланулар – бұл табиғаты микробты және микробсыз болатын, ауру тудырушы микроорганизмдердің немесе олардың әр түрлі токсиндерімен және сонымен қатар улы заттармен ластанған тағамдарды қолдану салдарынан пайда болатын жедел инфекциялық ауру. Ең қауіптісі тағамдық токсикоинфекция және микробты табиғаттың интоксикациясы.**

Сапасыз азық-түлікті тамаққа қолдану кезінде, олар дұрыс дайындалмай және дұрыс сақталмаса тағамнан улану – тағамдық токсикоинфекция туындауы мүмкін.

Сапасыз өнімдер дегеніміз – түрлі микроорганизмдермен және токсиндермен жұқтырылған азық-түліктер. Жануарлардан алынатын өнімдер ең қауіпті болып табылады (ет, балық, шұжық, консервілер, сүт және одан жасалатын бұйымдар – кремді бар кондитерлік өнімдер, балмұздақ). Әсіресе уақталған ет – паштеттер, фарш, ірікілдек оңай жұқтырылады.

Тағамдық уланудың алғашқы белгілері тамақ ішкеннен кейін 2-4 сағаттан соң көрінуі мүмкін (кейбір жағдайларда 30 минуттан кейін), 20-26 сағаттан кейін де білінуі мүмкін. Көбінесе бұл токсиннің түріне және дозасына және адамның иммун жүйесінің жағдайына байланысты. Тамақтан улануды болдырмаудың бірнеше, яғни тағамдарды сақтау және дайындаудың қарапайым қағидаларын орындау керек:

- қауіпсіз азық-түлік өнімдерін таңдау;
- тамақты дұрыс дайындау;
- тағам дайын болғаннан кейін мүмкіндігі бойынша бірден тамақтану;
- жаңа дайындалған тағамдарды кешегі дайындалған тағамдар қалдықтарымен араластырмау қажет, егерде дайын тағам ертеңгі күнге қалған

жағдайда, оны пайдалану алдында мұқият термиялық өңдеуден өткізу қажет (қайнату немесе қуыру);

- шикі және піскен азық-түлік өнімдері арасындағы байланысқа жол бермеу;
- жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтау, қолды сабынмен жиі және мұқият жуу, әсіресе ас ішер алдында және дөретханадан кейін;
- қайнатылған, бетелденген немесе сапалы, таза ауыз суды пайдалану;
- көкөністер мен жемістерді пайдаланар алдында үнемі ағымды сумен жуып пайдалану, ал балаларға қайнатылған сумен жуып беру;
- тез бұзылатын тағам түрлерін және дайын тағамды тоңазытқышта 2-6 С температурада сақтау;
- кремді –кондитерлік өнімдерді жарамдылық мерзімдері өткеннен кейін пайдаланбау;
- үйдегі қоқыстарды және тағам қалдықтарын уақытылы шығару;
- үнемі ас үйді таза ұстау және жеке бас гигиенасын сақтау.

Қазіргі таңда үй жағдайында тағам өнімдерін дайындайтын жасырын тағам өнімдерін өңдеу, дайындау, өндіру объектілерін ешкерелеу жұмыстарын жүргізу аса маңызды орын алып отыр. Осындай жасырын орындардан өндірілген тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасы әлбетте үлкен күмен тудырады. Бұндай тағам өнімдері халық арасында тағамнан улану жағдайының тіркелуі және аса қауіпті эпидемиологиялық ахуал тудыруы сөзсіз.

Жоғарыда айтылған қағидаларды сақтасып отырып Сіз өзіңізді және туыстарыңызды аурудан сақтайсыз.

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**  
Руководитель Ескельдинского районного УСЭК  
**Т. ЖАКИШЕВ**  
Главный специалист

## ПРИНЦИПЫ ХАССП



**НАССП – это свод правил организации производственной деятельности на основе 7 принципов, гарантирующий обеспечение на выходе качественно и безопасно для потребителя продукта. Для достижения конечной цели, обеспечение людей безопасными продуктами питания, принципы НАССП должны соблюдаться всеми предприятиями, через которые продукт проходит путь от состояния сырья к потребителю. Система НАССП обязательна для любых пищевых производств и объектов общественного питания. Соблюдение принципов НАССП является гарантией высокого качества и безопасности продукции.**

Управление предприятием и обеспе-

чение надлежащего качества продуктов по принципам НАССП имеет несколько направлений:

- анализ, исследование рисков и опасных факторов, их непосредственный контроль;
- выявление критических контрольных точек в производстве с целью их проверки, регуляции и управления, а также минимизации и устранения возникающих рисков;
- определение критически возможных пределов параметров и их контроль;
- мониторинг процессов;
- корректирующие мероприятия, внедрение эффективных способов проверки для улучшения функционирования всей системы;
- разработка системы регистрации данных;
- ведение документации и оценка эффективности.

## БОТУЛИЗМ, ПИЩЕВЫЕ ОТРАВЛЕНИЯ



**В целях предупреждения отравления среди населения особенно повышается количество случаев отравлений продуктами. Отравиться практически можно любыми продуктами, которых оставляет желать лучшего. В некачественных продуктах накапливаются токсины, продукты распада и жизнедеятельности. Все это разлагается и приводит к развитию бактерий. При попадании этих бактерий в организм человека происходит отравление. Основная проблема состоит в том, что не все продукты можно проверить на качество. Многие продукты не изменяют ни цвет, ни вкус спустя долгое и недобросовестные продавцы**

**маскируют протухший товар и продают его. В результате люди получают тяжелой степени пищевое отравление. В основном выделяют грибное, мясное, рыбное отравление, а также отравление токсинами стафилококка.**

Время заражения организма токсинами различное: от нескольких минут до нескольких часов. Зависит это от качества пищи, а также количества съеденных плохих продуктов, то есть от концентрации токсинов, поступивших в организм. Самыми первым симптомом отравления являются боли в животе. К ним через некоторое время может присоединиться диарея по 10-15 раз в сутки и частая рвота. Еще спустя некоторое время появляется озноб, ломота в теле и костях, головная боль и высокая температура.

Отдельно хотелось бы рассказать о ботулизме – как самом тяжелом

Отсутствие системы НАССП у организаций пищевой промышленности – административное правонарушение, предусматривающее наложение административных мер на руководство.

### ВНЕДРЕНИЕ ПРИНЦИПОВ НАССП НА ПРОИЗВОДСТВЕ

Внедрение НАССП в производственный процесс состоит из «12 шагов». Поэтапный алгоритм из 12 пунктов описывает последовательность действий для эффективного перевода работы предприятия в соответствие с НАССП.

- 1.Создание группы НАССП.
- 2.Описание сырья и готовой продукции.
- 3.Определение ожидаемого использования продукта.
- 4.Построение блок-схемы технологического процесса.
- 5.Подтверждение схемы технологического процесса на объекте.
- 6.Анализ потенциальных опасностей.
- 7.Определение критических контрольных точек критических контрольных точек (ККТ).
- 8.Установление критических пределов для каждой критических контрольных точек .
- 9.Разработка системы мониторинга для каждой критических контрольных точек.
- 10.Разработка плана коррекции и корректирующих действий.
- 11.Установление процедур верификации (проверки).
- 12.Ведение учетной документации и ревизионные проверки.

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**  
Руководитель Ескельдинского районного УСЭК  
**Т. ЖАКИШЕВ,**  
Главный специалист

пищевом отравлении, которое способно унести человеческую жизнь.

Ботулизм возникает из-за поедания продуктов, зараженных спорами ботулинической палочки. Такое заражение происходит в продуктах только при отсутствии доступа кислорода, а именно: в домашней консервации, различных консервах или в нижних слоях мяса. Ботулизм опасен еще и тем, что даже при очень качественной термической обработке споры ботулинической палочки погибают только при температуре 150 градусов и выше. Симптомы ботулизма отличаются от симптомов пищевого недомогания, что очень важно при диагностировании такого отравления. Первые симптомы ботулизма могут появиться приблизительно через час после поступления в организм некачественно пищи. Сначала все начинается с боли в желудке, как будто вас режут. Почти сразу же к боли присоединяется постоянная рвота, не дающая отдыха.

Через пару часов у заболевшего ботулизмом ухудшается зрение: как будто туман перед глазами или же пелена на глазах. Спустя еще один час у больного образуется сильное слюнотечение, исчезает речь, а также возникает затруднение при глотании пищи. Еще через некоторое время развивается паралич мышц, причем даже тех, которые присоединены к легким. Если вовремя не предпринять меры, то в большинстве случаев такая «вкусная» трапеза обратится летальным исходом.

Сложностью при отравлении ботулизмом является то, что единственным спасением является только быстрое введение противоботулинической сыворотки. Самой главной профилактикой различных отравлений является использование качественных продуктов, а также соблюдение их правильного хранения. Нельзя покупать пищевые продукты в стихийных местах торговли, не покупайте продукты сомнительного качества. Консервы или домашние заготовки, советуем не использовать вздутые банки или домашние консервы, которые простояли в погребе несколько лет и всегда придерживайтесь элементарных правил личной гигиены.

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**  
Руководитель Ескельдинского районного УСЭК  
**Т. ЖАКИШЕВ**  
Главный специалист





# СОСТОЯЛАСЬ ОТЧЕТНАЯ ВСТРЕЧА ПО ВОПРОСАМ ОСМС С НАСЕЛЕНИЕМ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН



Филиал фонда социального медицинского страхования по области Жетісу встретился с населением Отенайского сельского округа г.Талдыкорган. На встрече были приглашены городское управление государственного дохода, руководство городской поликлиники, акимат сельского округа.

На сегодняшний день, по данным национальной бюро статистики население города составляет более 200 тысяч городского из них 168 городское и 33 тысячи сельского населения. Несмотря на то, что медстрахование в Казахстане работает с 2020 года, а платежи на ОСМС являются обязательными для всех, более 34 тысяч граждан города Талдыкорган до сих пор остаются незастрахован-

ными. Это говорит о том, что они не имеют доступ к расширенному пакету медицинских услуг и ежегодным скринингам в системе ОСМС. На сегодняшний день в системе ОСМС разработаны скрининги для трех видов рака — молочной железы, шейки матки, колоректальный рак. Данное обследование доступно бесплатно только

при наличии статуса «Застрахован». К примеру, скрининговые обследования помогают диагностировать предраковые заболевания или рак, когда симптомов еще нет. Это позволяет начать лечение как можно раньше, сделать его менее травматичным и в итоге снизить смертность от заболевания.

Филиал Фонда по области Жетісу при организации встреч публикует анонсы в социальных сетях и официальных страницах акиматов и поликлиник. Население не принимает активное участие, не поднимает их волнующие и интересующие вопросы касательно системы ОСМС и оказания медицинской помощи. На данной встрече слушателей собралось порядка 15 человек. Несмотря на это в филиал фонда поступают ежедневно большое количество жалоб от населения.

Данные встречи организованы для того, чтобы повысить уровень знаний у населения в системе ОСМС, разъяснить их права и обязанности в системе ОСМС. Задать интересующие вопросы касательно лекарственного обеспечения, получения направлений, долгого ожидания и др.

«Здесь нужно отметить, что работодатель несет ответственность за работника, в том числе за своевременную оплату взносов и отчислений за ОСМС. Среди незастрахованных встречаются учителя, воспитатели, владельцы, частные судебные исполнители, индивидуальные предприниматели и их работники. Поэтому, каждый должен проверить свой статус страхования и уточнить наличие платежей. Самый простой способ, это скачать мобильные приложения «Qoldau 24/7», Kaspi.kz, Halyk, BCC.KZ или проверить через Saqtandyry-bot в Telegram. Суммы и периоды платежей можно проверить через портал электронного правительства egov.kz», — сказала директор филиала фонда социального медицинского страхования по области Жетісу Гульзия Таипова.

**Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»**

# БІРҚАТАР ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫ ЕМХАНАҒА ТІРКЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРДІ

**15 қыркүйектен бастап алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарына еркін тіркелу бойынша жыл сайынғы науқан басталады. Биыл еңбек мигранттары – шетелдіктерді емханаға тіркелу ережелері өзгерді. Енді олар емханаға келісімшартпен немесе ЕРІКТІ медициналық сақтандырумен, сондай-ақ ЖҮКТЕЛГЕН медициналық сақтандыру шартымен барулары керек. Жаңа ережелер ағымдағы жылдың 14 тамызында күшіне енді.**

Еңбек заңнамасы және Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске енгізілген өзгерістерге байланысты емханаларға тіркелу ережелері мен иммигранттарға медициналық көмек көрсету ережелері өзгерді. Бұйрықтарға енгізілген өзгерістер тек ЕАЭО-ға мүше елдердің (РФ, Беларусь, Қырғызстан, Армения) бірінші азаматтығы бар, ҚР-да уақытша тұратын шетелдіктерге – еңбек мигранттарына және олардың отбасы мүшелеріне (балалары мен жұбайларына) қатысты.

Жаңа қағидаларға сәйкес, бұл шетелдіктер емханаға ерікті медициналық шарт (ЕМС) немесе алғашқы медициналық-санитариялық және шұғыл стационарлық көмекке жүктелген медициналық сақтандыру шарты (ЖМС) негізінде тіркеледі. Кейін шарт жасасқан мерзімі өткен жағдайда медициналық ұйымнан автоматты түрде шығарылады.

Емханаға тіркелу үшін оның басшысының атына қазақ немесе орыс тілінде еркін түрде өтініш жазу қажет. Өтінішпен бірге жеке басын куәландыратын құжатты (немесе шетелдік паспорты), ЕМС немесе

ЖМС шартын тапсырады. Олардың заңды өкілі өтініш берсе, отбасы мүшелерінің келісімі қоса берілуі керек. Өтініш беруші медициналық ұйымға өзі жүгіне алады немесе оны сақтандыру компаниясы жасайды. Тіркелуге болатын емханалардың тізімі шарттың қосымшасында (ЕМС немесе ЖМС) көрсетілуі тиіс.

Айта кету керек, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шартқа отырған алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелуге болады. ЕАЭО шартында шетелдіктердің денсаулық сақтау саласындағы құқығы ғана емес, міндеттері де жазылған. Олардың қатарына ауруларды ерте анықтау үшін профилактикалық скринингтерден уақтылы өту, әйелдерді жүктілік бойынша уақтылы есепке қою (12 аптаға дейін), созылмалы және әлеуметтік маңызы бар ауруларды динамикалық бақылау және т.б. кіреді. Сондай-ақ, Қазақстанда уақытша тұратын шетелдіктер айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, республикада тұрақты тұратындарға ғана көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМКК) шеңберінде медициналық көмек ала алмайды.

ҚР азаматтары, қандастар және ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер үшін емханаға тіркелу тәртібі өзгеріссіз қалады.

Қордың www.fms.kz сайтындағы «Емхананы таңдау» бөлімінде тіркелуге болатын емханалар тізімімен танысуға болады.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

**Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпараттық цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.**

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпараттық цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізім) мемлекеттік органдардың ұсынған қосымшасы және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Тауар таңбаларының мүлікке тіркелген тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

анықтама).  
Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі ([https://egov.kz/cms/ru/services/pass\\_sr11](https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11));

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстарда қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz](https://kgd.gov.kz) (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culstaxarrear-search-web>);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы тұлға өткен. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады. Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың

сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді. Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы аспостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзинің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.


Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Жайық АБАЙҰЛЫ, ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры бөлімінің бастығы кіші әділет кеңесшісі**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР



**Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.**

**Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.**

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

**Асхат ЖАНАТҰЛЫ, ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Текелі, Ескелді және Көксу аудандарына прокуроры**



# СӘБИГЕ ӨМІР СЫЙЛАҒАН ҚҰДЫРЕТ



Ерте заманда бір патша өмір сүріпті. Патшаның қисапсыз байлығы болса да, үнемі қабағының астынан бір мұң бары байқалып тұрады екен. Сөйтсе, әлгі патшаның перзенті болмапты. Патша қапаланып, қайғырып жүргенінде, бір күні жұбайы жыланның тіліне жерік екенін айтыпты. Осы сөзді қаншама рет Құдайдан жалынып сұраса да, ести алмаған ол жүрегі жарыла қуанып, жар салыпты:

— Егер кімде-кім менің жарлығыма құлақ асып, жарымның жерік асы – жыланның тілін әкеліп берсе, соған жалғыз қаншадасымды қосып, өзіме күйеу бала етемін. Бір ескеретін жәйт: ол Сахарадағы жыландар ордасының патшасы атақты Афита-Әбжыланның тілі болуы тиіс, – депті. «Үмітсіз-сайтан» демекші, байлық пен аса сұлу патша қарындасын алуға қызыққандар Сахараға жол тартыпты. Олардың ішінде сол шаһарда тұратын бір саудагердің Азу есімді баласы да бар екен. Азу о баста өмірге келгенде, жылан терісін жамыла туыпты. Өз терісінің пайдасын көрмекке әрі сынамаққа ол да үмітпен жыландар ордасына аттаныпты. Азу жолда келе жатып, әр жерде шашылған адам сүйектеріне көзі сүріне берді. «Бұлар да мен сияқты үміткерлер шығар» деп топшылаған ол өзі тек терісінің арқасында ғана аман келе жатқанын түсінді. Ақырында көп қиындық көріп, Сахараға жетеді. Ордаға келген соң ол жыландармен тез араласып кетеді. Бірде жыландар

патшасы тағамды өте жақсы даярлай алатын аспазшы керек екенін мәлімдейді. Сынға түскендердің арасынан Азу озып шығады. Ол қолынан келген өнерінің барлығын жұмсаған екен. Сөйтіп, аз уақыт ішінде Азу Афита-Әбжыланның жақсы көрер жақынына айналады. Әңгімеге тарта жүріп, жыландар патшасының жаны қолындағы сақинада екенін де біліп алады. Оны Афита масаңдау кезінде айтып қояды. Бір күні Азу тәтті тағам жасап, оған ұйықтататын дәрі қосады да, Афита-Әбжыланға жегізеді. Ол қатты ұйқыға кеткен кезде сақинасын алып, қақ бөледі. Содан соң тілін кесіп алып, түн қараңғылығымен тайып отырады. Бұл оқиғаны таң атқан соң бір-ақ білген жыландар оны әрі іздеп, бері іздеп, таба алмай қала береді. Азудың оңай құтылуының себебі: Сахарадан шыққан соң, ол адам қаппына қайта ауысып алады. Еліне аман-есен оралған Азу патшаға жыланның тілін екеп беріп, оның қарындасына үйленеді. Ал, жерік асын жеген патша жары көңілі сұдай тасып, айы-күні жетіп ұлды болады. Ұлан-асыр той жасалады. «Той десе, қу бас домалайды» демекші, бұл тойға бағғы Азуды іздеп жүрген жылан да келіпті. Ол Азуды иісінен танып қалып, санын бір-ақ соғыпты. Ішіне кек түйіп, өз ордасына қайтыпты. Келген соң бұл жаңалықты басқаларға айтып беріпті. Мұны естіген жыландар ашуланып, адамзаттан кек алмаққа бекінеді. Улы тілі арқылы адам баласына зиян келтіріп, ұрпағын кеселге душар етпек болады.

Афита-Әбжыланның жұбайы Флита-Әбжылан қатты ызаланып, оны өлтірмекке өзі аттанынын мәлімдейді. Афита-Әбжылан дүние салған кезде ол қасында бола алмапты, алысқа қонаққа кеткен екен. Араға біраз уақыт салып Флита-Әбжылан патшалыққа келеді. Азуды іздеп жүріп, бір үйдің түндігінен сығалап қараса, бесіктегі жас баланы көреді. Бұл жаңа туған нәресте патшаның мұрагері еді. Ол бар ашуын осы баладан алмаққа бекінеді. Үйде жан жоқ кезді пайдаланып, түндіктен түседі. Баланың қасына енді жақындай бергенде, есіктен бір әйел кіріп келеді. Жылан сасқалақтап қалады. Ал, патша жарының абыржығаны сонша, тілі күрмеліп:

— О, Құдайым. Жалғыз сәбиімді ажалға қалай қиям? Оны босанарда жыланның тіліне жерік болып едім, енді ажалы да сол жылан тілінен болмақ па? Жо-жоқ, құтқара көр! – деп жалбарыныпты. Сол сәтте қайдан есіне түскені белгісіз, ошақта тұрған сүтке қарай ұмтылады. Қазандағы сүтті жыланға көрсетіп тұрып:

— О, Әбжылан! Менің жалғызыма қиянат жасамал.. Жүрегім сезеді, сен кек алмақшысың. Баламды саған бермеймін. Болмаса мені шақ. Мен де анамын, ана сүтінен жаралғанмын. Балам да, басқа жан-жануарлар да ана сүтінен жаралған. Сен де біз сияқты ана сүтінен нәр алғансың. Тіршілік иесінің нәрі - сүт. Ол қасиетті де қастерлі. Оны Жаратқан ием сыйға тартқан. Ақты жерге төкпе деуі сондықтан. Ал мен сол сүтті сенің басыңа төгемін. Тек балам үшін, тек жалғызымның өмірі үшін ғана салттан аттаймын. О, Әбжылан, опасыз! Сенің уың осы сүт арқылы құдіретінен айырылсын! О, Жаратушым, тілегімді қабыл ет! – деп еңіреп тұрып, сүтті жыланға шашып жібереді. Сол сәтте, шынында да, жылан бар құдіретінен айырылады. Сүттің қасиетті күші оның уы мен айбатын сиқырлап тастайды. Жылан есеңгіреп тұрып-тұрып, есіктен шығып кетеді. Міне, осыдан бастап барлық жылан атаулы сүтті керсе, айбатынан айырылады екен. Олар үйге кіргенде басына ақ құйса, сытылып шығып кетеді. Оларға бұл қасиет сонау заманғы өз аналарынан дарыса керек.

ДАЛА АҢЫЗЫ

# ҚАЙҒЫҢЫЗҒА ОРТАҚСЫЗ



Ж. Жақыпбаев атындағы орта мектептің директоры Еслаулетов Қуат Райқұлұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

М.БЕКТУРОВ  
Аудандық білім бөлімінің басшысы  
А. АЙТБУЗИНОВА,  
Аудандық білім саласы қызметкерлерінің кәсіподақ филиалының төрайымы

## HABARLANDYRU

### Құрметті Алдаберенов ауылдық округінің тұрғындары!

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылдың 31 қаңтары №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіміне сәйкес, «Ескелді ауданы Алдаберенов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді: Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірдей немесе бөліп төлеу арқылы сату. «Сауда-саттықты конкурстарды аукциондарды» өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелерінен құқықтарды алу. Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру. Жер учаскерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.

Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар. Алдаберенов ауылы, Ленин көшесі № 25, тел:8(7283628576), электронды пошта: АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫ <tolegen.musapirov@mail.ru>

### Алдаберенов ауылдық округі әкімінің аппараты

### Уважаемые жители Алдабереновского сельского округа!

Согласно реестра государственных услуг от 31 января 2020 года №39/НҚ утвержденный приказом и о. министра цифрового развития, инноваций и аэро космической промышленности Республики Казахстан. Аппаратом акима Алдабереновского сельского округа оказываются следующие виды государственных услуг:

Постановка на очередь на получение земельного участка; Продажа земельного участка в частную собственность одновременно либо в расрочку; Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности не требующие проведения торгов «конкурсов аукционов»; Предоставление земельного участка для строительства объекта в черте населенного пункта; Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка.

Дополнительную информацию можно получить: село Алдабереново, ул. Ленина №25, тел:8(7283628576), электронный почта: АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫ <tolegen.musapirov@mail.ru>

### Алдаберенов ауылдық округі тұрғындарының назарына!

Алдаберенов ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде өзіне өзі қызмет көрсету бұрышында орналасқан компьютерден, өзіңіздің электронды кілтінізбен бір сәтте керекті анақтамаларыңызды ала аласыз. Электронды порталмен жұмыс жасау кезінде қиындықтар туындайтын болса, өкімшіліктің қызметкерлерінен немесе 1414 нөміріне хабарласып кеңес алуларыңызға болады.

«Электрондық үкімет» «egov.kz» «Электрондық лицензия» «e.license» порталдарына кіріп электронды цифрлы қолтаңбамен тіркеліп келесі қызметтерді онлайн түрде алуға болады: қашықтықтан ЭЦҚ ашу «электронды цифрлы қолтаңба» мекен жай бойынша тіркеуге тұру; тіркеуден шығару емханаға тіркелу әскери есеп және қауіпсіздік құжаттары, некеге тұру, жеке басында мүлкінің тіркелуі тіркелмеуі соттылығы бар жоқтығы туралы және ден-саулығына қатысты анықтамалар мүмкіншілігі шектеулі азаматтар үй кезегіне тұру, балаларға жәрдемақы тағайындауға өтініш білдіру, зейнетақы жинақтары туралы және т.б анықтамаларды электронды жылдам және тегін алуға болады.

Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар. Алдаберенов ауылы, Ленин көшесі №25, тел:8(7283628576), электронды пошта: АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫ <tolegen.musapirov@mail.ru>

### Алдаберенов ауылдық округі әкімінің аппараты

### жителей Алдабереновского сельского округа Ескельдинского района!

В государственном учреждении Аппарата акима Алдабереновского сельского округа имеется «уголок самообслуживания», где при помощи электронно цифрового ключа можете получить необходимые справки. При возникновении трудностей во время работы с электронным порталом можете получить консультацию у государственных служащих, либо необходимо связаться с оператором по номеру 1414

Дополнительно информацию можете узнать. село Алдабереново, ул. Ленина №25, тел:8(7283628576), электронный почта: АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫ <tolegen.musapirov@mail.ru>

# КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ



Ерте ме, кеш пе бәріміз Бұл дүниеден өтеміз. Кешегі кеткен бабалар - Артынан қуып жетеміз.

Бүгінгі жас пен көріміз Кіреміз жердің қойнына. Ұрпақ пен ұрпақ алмасып, Басқалар келер орныға...

Иә, өмір болған соң ерте ме, кеш пе, әйтеуір өзекті жанға бір өлімнің келері хақ. Себебі, ешкім мәңгі өмір сүре

алмайды. Бұл дүние - уақытша ғана тұрақ. Сондықтан да бабаларымыз бұл дүниені «фәни», яғни өткініш, жалған деп сипаттаған. Жүрегімізге қаяу түсті. Жанымыз ауырды. Көңілге аяз қатты. Досымыздан айырылды... Дос, дос қана емес, бауыр дер едік. Бүгін де ол да жоқ. Жанымызға жақын еді, сырымыз бір еді. Бүгін жоқ енді. Ажал айтып келмейді. Көнеміз. Қуат Райқұлұлы жаның жәннаттан болсын!!! Бізге адал дос, жарыңа адал едің. Сен көрмеген жақсылықты артыңнан қалған ұрпағың көрсін. Сабыр түбі сары алтын демекші сабыр жолдасыңыз болсын. Тас түскен жеріне ауыр. Отбасыңызға және әулетіңізге қамыға отырып, қайғыра көңіл айтамыз. Иманы саламат болып, артында қалған ұрпақтарына мәңгі ғұмыр берсін!.

Көңіл айтушы достары Оқыбай-Бақыт Бақыт-Нүрпейіс Рысалды-Рахим Ғалия

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және даму комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистративное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 834 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ